

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 сәуіріндегі 12 сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы" N 141 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 16 сессиясының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 173 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қарашада N 8-10-90 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 сәуіріндегі 12 сессияның "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы" N 141 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімі N 8-10-87 болып тіркелеген), аудандық "Тоқырауын тынысы" газетінің 2009 жылғы 4 қыркүйектегі N 35 (7201) санында жарияланған шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5 тараудың 12 тармағындағы бірінші абзацта: "Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша кент, селолық округ әкімдігіне" деген сөздерден кейін "немесе халыққа қызмет көрсету орталығына" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5 тараудың 12 тармағының 7) тармақшасындағы: "қалалық" деген сөз алынып тасталсын;

3) 6 тараудың 19 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"19. Тұрғын үй жәрдемақылары жергілікті бюджет қаржылары есебінен қаржыланады."

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саланы дамыту және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.Е. Күлмағанбетова) жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Түсіпбеков

Аудандық мәслихат хатшысы
КЕЛІСІЛДІ

М. Оңғарқұлов

Ауданның жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы А. Түсіпбеков

29.09.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК